

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ МИНИСТРЛІГІ

«Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ» КЕАҚ

**Студенттер мен жас ғалымдардың
«GYLYM JÁNE BILIM - 2023»
XVIII Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ**

**СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
XVIII Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«GYLYM JÁNE BILIM - 2023»**

**PROCEEDINGS
of the XVIII International Scientific Conference
for students and young scholars
«GYLYM JÁNE BILIM - 2023»**

**2023
Астана**

УДК 001+37
ББК 72+74
G99

**«GYLYM JÁNE BILIM – 2023» студенттер мен жас ғалымдардың
XVIII Халықаралық ғылыми конференциясы = XVIII
Международная научная конференция студентов и молодых
ученых «GYLYM JÁNE BILIM – 2023» = The XVIII International
Scientific Conference for students and young scholars «GYLYM JÁNE
BILIM – 2023». – Астана: – 6865 б. - қазақша, орысша, ағылшынша.**

ISBN 978-601-337-871-8

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

УДК 001+37
ББК 72+74

ISBN 978-601-337-871-8

**©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия
ұлттық университеті, 2023**

Бұл сандық сипаттаманы өлеңнің қаншалықты «әншіл» екендігін анықтауға қолданамыз.

Ол үшін $P_{\sigma,\sigma} = \frac{Y_{\sigma,\sigma}}{Y_{\sigma,\sigma}}$ формуласы арқылы $P_{\sigma,\sigma}$ ықтималдығын есептейміз. Мұндағы $Y_{\sigma,\sigma}$

өлеңдегі барлық дыбыстар санын береді.

$$Y_{\sigma,\sigma} = x_1n_1 + x_2n_2 + \dots + x_{10}n_{10} = 385$$

$$P_{\sigma,\sigma} = \frac{Y_{\sigma,\sigma}}{Y_{\sigma,\sigma}} = \frac{162}{385} = 0,4207$$

Сөз қарқындылығының коэффициенті:

$$T = \frac{7N(P+S)}{2nN_2}$$

Мұндағы, n – атаушы сөздердің саны,

P – бастауыш саны,

S – баяндауыш саны,

N – жай сөйлемдер саны,

N_2 – предикаттық орталығы бар сөйлемдер саны.

$$T = \frac{7 \cdot 7(10+14)}{2 \cdot 60 \cdot 6} = 1,63$$

Бұл есептеулерден өлеңнің ырғақтылық деңгейінің қалыпты екендігін байқаймыз.

Бұл қаралған жұмыс математикалық статистика мен ықтималдықтар теориясының математикалық лингвистикада қаншалықты маңызды екендігін айқын көрсетеді. Қандай да болмасын өлеңді жай ғана естіп тыңдай салу жеткіліксіз, оған ерекше бір көзқарас, түсінік керек. Сондықтан қандай да болмасын ақын өлең жазбастан бұрын осы айтылғандарды ескере отырып жазса, тек сонда нағыз тамаша өлеңдер дүниеге келеді. Сонымен қатар жоғарыда атап өткендей Шәкәрім шығармасының фонемдік, қайталану жиілігімен, математикалық күтімді, мәтіннің теориялы-ақпаратты әмбебап сипаттамасын анықтадық. Сонымен қатар берілген шығармадағы қайталанбайтын сөздердің қолданыс аясын, синонимдердің санын әрі қазіргі таңда қолданыстан қалып бара жатқан сөздерді анықтай отырып қазақ тілінің ең бай әрі көне жауһарларға толы тіл екендігіне көзіміз жетті.

Қолданылған әдебиеттер тізімі

1. Б.Н. Головкин, Язык и статистика – Москва «Просвещение», 1971.
2. Қ. Бектаев, Ықтималдар теориясы және математикалық статистика – Алматы, «Рауан», 1991.
3. Лингвистические, математические, семиотические и компьютерные модели в истории и теории литературы. — Языки славянской культуры, М., 2001
4. Шәкәрім шығармалары: Өлеңдер, дастандар, қара сөздер. Құрастырғандар: Жармұхамедова М., Дәуітова С., [А.Құдайбердиев]-Алматы: Жазушы баспасы, 1988.-560 бет
5. Шәкәрім тану мәселелері: Ғылыми жинақ. – Алматы: Раритет, 2007.-448 бет
6. <https://sozdikqor.kz>

ӘОЖ 378.147

БІЛІМ АЛУШЫЛАРҒА АРНАЛҒАН ҮЗДІК 10 ҚОСЫМША

Аримбаева Д.
dilnar0404@mail.ru


Аримбаева Д.
@dilnaza04@mail.ru

Заманауи жүйелер ХХІ ғасырда белсенді қарқынмен дамып келеді. Білім беру саласында сабақ өткізу әдісі үнемі өзгерістерді талап ететіндіктен, әдістер жыл сайын жаңарып, заман талабына сай ауқымын күшейтуде. Әсіресе оған қашықтықтан оқыту барысын айқын мысал ретінде келтіруге болады. 2020 жылы бүкіл әлемді қамтыған вирустың әсерінен білім саласы күрт өзгерістерге тап болды. Білім беру жүйесінде онлайн платформалар мен заманауи жүйелердің енгізілуі оған дәлел бола алады. Біз, РЯЛ тобында оқитын студенттер, осы университетте оқу барысында өзімізге көптеген жаңа білім технологияларын таптық. Олар өздік жұмыс тапсырмаларын орындау барысында біздерге өте жақсы көмек, ыңғайлы жүйе, заманауи әдістерді меңгеруімізге септігін тигізеді. Біз қазақ тілі сабағында жаңаша тәсілдерді меңгеріп жатырмыз. Оқытушымыз айтқан тапсырмалар бойынша біраз платформаларды сабақта қолданамыз. Оның ең үздіктері – Canva, Socrative, Zip Grade, Quizlet, т.б. Осы уақыт ішінде сабақ өткізуге көптеген ыңғайлы, қызықты, заманауи әрі қолжетімді платформалар студенттердің өміріне жақсы ықпал етуде. Жаңаша оқыту технологияларын пайдалану кезінде оқытылатын пәнге деген қызығушылық арта түседі.

Заманауи білім беру жүйесін пайдалана отырып, коммуникативті дағдыларды қалыптастыру, тез өзгеретін өмір жағдайларына бейімделу, әлеуметтену, психологиялық төзімділікті арттыру, біліктілік дағдыларына үйрену. Біз болашақ маман ретінде әлеуметтік және кәсіптік дағдыларды меңгере отырып, оларды іс жүзінде қалай қолдана алатынымызды түсінуіміз керек. Электронды түрде қосымша білім алудың ерекшелігі – тапсырмалар білім мекемесі қолданатын электрондық платформаға байланысты түрленіп отыратындығында. Солардың ең үздіктеріне тоқталайық.

1. Canva. Бұл – әлеуметтік суреттен бастап графикалық дизайн элементтерін жасауға арналған онлайн қызмет желісі. 2012 жылы Австралияда негізі қаланған бұл редактордың басты артықшылығы – оның қарапайымдылығы. Мұндағы дизайн барлығына, тіпті сурет салуды білмейтіндерге де қолжетімді етіп құрастырылған. Алдын ала дайындық пен графикалық тәжірибені қажет етпейтін Canva редакторымен жұмыс істеу қолданушыларға өте пайдалы. Сонымен қатар, бұл бағдарлама материалды қалай дұрыс жобалау керектігіне емес, тақырыпты зерттеуге тікелей назар аударуға мүмкіндік береді. Canva редакторының көмегімен қызықты визуалды мазмұн жасауға, кәсіби дизайнерлер жасаған шаблондармен үнемі жұмыс істеуге, көп уақыт жұмсамай-ақ материалдарды дайындауға мүмкіндік алады. Макеттерді автоматты түрде баптау құралдары визуалды сауаттылықты дамытуға көмектеседі.

Біз өзіміздің сабақтарымызда бұл жүйені өте жиі қолданамыз. Себебі 15-20 минут ішінде қажет презентацияны жасап бітіруге болады. Тек презентация ғана емес, электронды кластерлер, инфорграфика, логотип және де т.б көптеген жобаларды аз уақыт ішінде жасауға болады. Бұл бағдарламаның арқытшылықтарына жинаған материал, фото, видеоларды жобаға қосуға, сонымен қатар ютуб сияқты желілерден тікелей сілтемелер қоюға болады. Фотода көрсетілгендей, дайын презентацияның дизайндарын ауыстырып, өзіне ұнайтындай етіп ыңғайын келтіруге болады.



Бағдарламаның ішіндегі көп функциялар тегін. Сондықтан ол көпшілікке қолжетімді.

2. Socrative бағдарламасы. Socrative – бұл жылдам викториналар, сауалнамалар мен тестер жасауға мүмкіндік беретін тегін қызмет желісі. Socrative нақты уақыт режимінде тестілеу нәтижелерін жылдам көруге және бүкіл топтың ғана емес, сонымен қатар әрбір оқушы мен студенттің үлгерімін бағалауға мүмкіндік береді. Бұл бағдарламаны қолданған кезде бір уақытта 50 адамға дейін сынақтан өтуге болады. Артықшылықтары: мобильді құрылғыларға арналған қосымшаларды пайдалану және студенттерге тіркелу қажеттілігінің болмауы, тіркелу және сайтқа кіру арқылы оқытушы қолданбаны пайдаланатын немесе кіретін кез келген адам бірегей кодпен сайтқа қосыла алуы. Сондай-ақ бұл бағдарламада 3 сынақ режимі бар.

1. Instnt Feedback – студенттер ретімен реттелген сұрақтар бойынша жауаптарды таңдайды, жауапты өзгертуге құқығы жоқ, тіпті кейінге қалдырып, сұрақты уақытша өткізіп жібереді.

2. Open Navigation – студенттер кез келген ретпен жауап беріп, жауаптарын өзгерте алады. Дегенмен, тест аяқталмай тұрып-ақ оқытушы студенттің қалай жауап бергенін көреді.

3. Teacher Paced – оқытушы келесі сұрақты таңдайды және сұрақты өткізіп жіберуге немесе қайталауға құқылы.

Тестілеу кезінде оқытушы нақты уақыт режимінде тестің өту барысын бақылай алады: кестеде ол әртүрлі сұрақтарға кім және қалай жауап бергенін белгілейді. Тестілеу аяқталғаннан кейін оқытушы нәтижелерді Google Drive-қа сақтай алады, оларды пошта арқылы жібере алады, нәтижелерді көрсете алады. Socrative – техникалық кемшіліктері жоқ, пайдалануға оңай және меңгерілетін сервис деуге болады. Бұл керемет желіні біз күнделікті сабақ уақытында жиі қолданамыз.


3-бағдарлама – ZipGrade. ZipGrade мобильді бағдарламасы оқытушыларға арналған. Қосымшаны «Play market» пен «App Store» қызметінен жүктеуге болады, оның тегін және ақылы түрлері бар. Бұл бағдарлама тестілеу нәтижелерін тексеру үшін жасалған. Zipgrade қосымшасы мұғалімнің тестерді тексеру жұмысын едәуір жеңілдетуге және жеделдетуге мүмкіндік береді. Бұл қосымшаны пайдалану үшін жауап нұсқалары бар тест қажет (ол басып шығарылуы немесе экранда орналастырылуы керек), таңдау мүмкіндігі бар жауаптар тізімі (a, b, c, d, e) және смартфон қажет болады. Бұл қосымша жауаптарды сканерлеуге және нәтижені бірден көруге мүмкіндік береді.

Name			
Date		Period	

1	A	B	C	D	E	11	A	B	C	D	E
2	○	○	○	○	○	12	○	○	○	○	○
3	○	○	○	○	○	13	○	○	○	○	○
4	○	○	○	○	○	14	○	○	○	○	○
5	○	○	○	○	○	15	○	○	○	○	○
6	○	○	○	○	○	16	○	○	○	○	○
7	○	○	○	○	○	17	○	○	○	○	○
8	○	○	○	○	○	18	○	○	○	○	○
9	○	○	○	○	○	19	○	○	○	○	○
10	○	○	○	○	○	20	○	○	○	○	○

Text: A ○ B ○ C ○ D ○

Get the facts and more at ZipGrade.com




Тексеру нәтижелерін сақтау автоматты түрде жүреді. Тексеру аяқталғаннан кейін тест парағына оралып, Review Papers бөлігіне өтіп, әр студенттің нәтижелерін көруге болады.

4-бағдарлама – Wordwall. Көптеген цифрлық платформаларды талдағаннан кейін біз Wordwall платформасын таңдадық. Платформа Wordwall – интерактивті құруға арналған көп функциялы құрал. Дегенмен, тапсырмаларды басып шығаруға болады. Платформада 33-ке дейін интерактивті үлгілер және 21-ге дейін басып шығарылатын үлгілер бар, олардың саны таңдалған тарифтік жоспарға байланысты. Бұл қызмет «Жұпты табу» сияқты қарапайым интерактивті тапсырмаларды ғана емес, сонымен қатар бірнеше сұрақтары бар викториналарды құруды ұсынады.


Қызметте әртүрлі шет тілдерінен басқа, орыс тіліндегі нұсқасы бар. Интерактивті жаттығуларды кез келген құрылғыда орындауға болады: компьютерде, планшетте, телефонда немесе интерактивті тақтада. Бұл ресурсты таңдаудағы маңызды фактор лексикалық, грамматикалық, ауызекі сөйлеу, фонетикалық дағдыларды қалыптастыруда нақты дидактикалық бағыт болды. Wordwall платформасы жеке сауалнаманы да ұйымдастырып, топтық сайыс жұмыс түрлерін ұсынуға өте ыңғайлы деп есептейміз. Себебі оның талассыз қолайлылығы – жасалып жатқан ойындардың иллюстрациялық сипатта болу мүмкіндігі.

5-бағдарлама – Quizizz. Жаңа ақпараттық технологияларды қолданудың бір мысалы – Quizizz ойын платформасы. Quizizz – викториналар мен тестер жасауға арналған салыстырмалы түрде жаңа білім беру бағдарламасы. Бұл сайтта тіркелу оңай, жүйеге кіру үшін Google есептік жазбасы болса жеткілікті. Оны пайдалану арқылы оқу процесіне қызығушылықты арттыру, ойындар мен викториналар өткізу, жарыстар ұйымдастыру, тестер өткізу, үй тапсырмасын орындау, нәтижелерді бақылауға болады. Бұл платформа қолданушыларға автоматты түрде кері байланысты қамтамасыз етеді. Себебі ол студенттерді іс-әрекет жасау үшін ынталандырады, ал студенттер жаңа нәрселерді меңгергенді ұнатады. Оқуға қызығушылықтары бар және белгілі бір жетістікке жету үшін жағдайлар жасайтын Quizizz платформасының берері мол.



Осылайша, сабақта жаңа компьютерлік технологияларды, атап айтқанда Quizizz қосымшасын қолдану білім алушылардың танымдық және ойындық қажеттіліктерін қолжетімді түрде пайдалануға мүмкіндік береді, оқытылатын пәнге деген ынтасы мен қызығушылығын арттыруға көмектеседі деп ойлаймыз.

6-бағдарлама – Quizlet. Тілдерді үйрену үшін қолданылатын бағдарламалардың бірі – “Quizlet” бағдарламасы. Quizlet бағдарламасымен әртүрлі тақырыптар мен бөлімдер бойынша лексикалық материалды оқу және жүйелеу үшін карталар жасауға болады. Бұл карталар есте сақтау қабілетін жақсартады. Quizlet-те сіз модуль/курс сілтемесін жібере аласыз немесе оларды жеке мәліметтен таба аласыз. Карталарды оқытушы да, студенттің өзі де жасай алады. Сонымен қатар бағдарламада басқа қолданушылар жасаған жиынтықтарды пайдалануға болады. Әр адам өзі үшін жаттығу түрлерін жеке тандайды.





7-бағдарлама – Ahaslides. AhaSlides – университетте немесе колледжде академиялық лекцияларды, аудиториялық сессияларды өткізуге көмектесетін тамаша онлайн презентация платформасы. Бұл презентацияны жақсы құрылымдалған және тартымды етуге көмектеседі. Оқытушы нақты уақыт режимінде сауалнамалар жүргізе алады, бірнеше түрдегі шағын тестерді, онлайн викториналарды қоса алады және лезде нәтижелер ала алады. AhaSlides ең жақсы онлайн презентация жасаушыларды кері байланыспен және онлайн тест, викторина жасаушылармен біріктіреді. Түрлі тақырыптар жинағы, сұрақтардың шектеусіз саны, әртүрлі тілдерді, соның ішінде қазақ, орыс тілдерін қолдау платформамен жұмыс істеуді жеңілдетеді. Студенттермен кері байланыс үшін интернетке кіру мүмкіндігі кез келген мобильді құрылғымен (смартфон, планшет, ноутбук) іске қосылады. **ФУНКЦИЯЛАРЫ:**


Викторина құралы көптеген мүмкіндіктерді қамтиды, соның ішінде:

- **Топтық ойын:** Ойыншылар викторина сұрақтарына жауап беру үшін командада жұмыс істейді.
- **Айналдыру дөңгелегі:** кездейсоқ нәтижелерді, атауларды немесе тапсырмаларды таңдау үшін айналдыру дөңгелегін пайдаланыңыз.

- Өзіндік жұмыс: Оқушылардың өз қарқынымен жұмыс істеуі үшін үй тапсырмасы ретінде тестерді тағайындаңыз.
- Нүктелерді өңдеу: нүктелерді қолмен қосуға немесе жоюға болады.
- Жауаптарды қолмен таңдаңыз: жауаптарды лезде тексеріңіз.
- Реакциялар: эмоцияларды білдіру және жеткізу үшін эмодзи белгішелерін пайдаланыңыз.
- Балағат сүзгісі: Ойыншының жауаптарынан әдепсіз сөздерді автоматты түрде блоктайды.
- Фон: Слайд фоны ретінде пайдалану үшін өз суреттеріңізді және GIF файлдарын жүктеп салыңыз немесе оларды AhaSlides кітапханасынан импорттаңыз.
- Есептер: «Тестіңіздің қатысу деңгейін, дұрыс жауаптарын және қиын сұрақтарын бір жерден көруге» мүмкіндік береді.



8-бағдарлама – Padlet. «Padlet» – бұл интерактивті тақта немесе қабырға деуге болады. Қабырға әрқашан белгілі бір тақырыпқа ие, сондықтан тақырыпқа сәйкес қабырға толтырылады. Қабырғаға аудио және бейне файлдарды, фотосуреттерді, құжаттарды қосуға болады. Онымен қоса, қабырғада терезелер бар. Олардың әрқайсысы белсенді және жүктелген материалдан тұрады. «Padlet» хабарландыру тақтасы пікірталастарды, пайымдауларды немесе кері байланыс жасауға көмектеседі. Виртуалды қабырғаға фотосуреттер, файлдар, интернет парақтарына сілтемелер, жазбалар қоса аласыз. Бұл бағдарлама келген пайдаланушы оқи алатын және өңдей алатын ақпарат алмасу алаңы.




«Padlet» тақтасының артықшылықтарына тегін пайдалану, ойын тапсырмаларының үлкен таңдауы және де жаттығулар жасаудың қарапайым процесі жатады.


9-бағдарлама – Survio. Бүгінгі таңда ақпараттың көпшілігі мобильді құрылғылардың көмегімен алынады, сондықтан смартфондар мен планшеттердің бар болуы адамның өмірінде маңызды рөл атқарады. Келесі қарастыратын «Survio» бағдарламасы сауалнамалар жасауға арналған онлайн платформа. Ол барлық мобильді құрылғыда, ноутбук, планшеттерде сауалнамаларды құруға, таратуға және өзгертуге, сондай-ақ әрбір респондентпен тиімді қарым-қатынас жасауға көмектеседі.



«Survio» жаңа ғана үйренген материалды бекітуге көмектесетін сынақтар мен кері байланыс жинау үшін сауалнамалар жасау үшін пайдаланылуы мүмкін. Білім деңгейін бағалау және қандай тақырыптар қосымша оқуды қажет ететінін анықтау үшін тестер жасауға болады. Оның көмегімен тақырыпты түсіну мен қанағаттану деңгейін анықтайды. Сондай-ақ, «Survio»- ны білім алушылардың пікірлері мен бағаларын жинау үшін пайдалануға болады. Бұл қай тапсырма жақсы жұмыс істейтінін және нені жақсартуға болатынын түсінуге көмектеседі.



Сонымен қатар бағдарламада 100 + шаблондар мен 70 + дизайнды қолдану мүмкіндігі қарастырылған. Сіздің қажеттіліктеріңізге сәйкес өзгертуге және реттеуге болатын кәсіби шаблондарды пайдаланып сауалнама жасауға болады. Сауалнамалардың 12 түрі бар. Оның ішінде: дара таңдау, бірнеше таңдау, мәтіндік жауап, бір суретті таңдау, жұлдызды рейтинг, семантикалық дифференциал, тарату шкаласы, маңыздылығы бойынша артықшылық, бір опцияны таңдау матрицасы, бірнеше жауаптарды таңдау матрицасы, меншікті мәтін және де жауапты дизайн деген түрлер бар.



Бағдарламаның артықшылықтары: тегін және де қолдануға ынғайлы интерфейс. Бағдарламаға тіркелу үшін банк картасының нөмірін көрсетудің қажеті жоқ. Сіздің барлық деректеріңіз қорғалған, толық қауіпсіз және тегін сақталады. Бизнес, коммерциялық емес ұйымдар, білім беру мекемелері және жеке пайдалану үшін өте қолайлы. Тұтастай алғанда, бүгінгі таңда «Survio» – білім беру мақсатында оқушылардан деректер жинау және кері байланыс үшін пайдалануға болатын сауалнамалар мен сауалнамаларды құрудың ең пайдалы құралы.

10-бағдарлама – Wizer.me



Wizer.me – тапсырмалары мен жаттығулары бар интерактивті жұмыс парақтарын құрудың қарапайым және жылдам құралы. Платформа көркем мәтінмен жұмыс істеуге арналған тапсырмаларды дайындаудың бірегей мүмкіндіктерін ұсынады. Ресурс қызықты және пайдалану оңай, интерактивті сабақты құруға арналған құралдарды қамтиды: ол дәріс, семинар, викторина немесе сабақ-саяхат болуы мүмкін. Мұның бәрі тақырып пен тапсырмаларға байланысты. Ақпаратты визуализациялаудың ұсынылған нұсқаларының ішінде бейне, суреттер, аудио жазбалар, кестелер, мәтіндерді орналастыруға болады. Мәтін, гиперсілтемелер, сұрақтар, мәтін енгізу жолақтары бар белгілерді қосу арқылы жүктеп салынған кескіндерді интерактивті етуге болады. HTML кодын пайдаланып Интернетте орналастырылған презентацияларды қосуға болады.

Сұрақтар мәтіндік болуы мүмкін немесе аудио файлдар ретінде жүктелуі мүмкін. Көптеген тапсырмаларда автоматты тексеру үшін жауаптарды қосуға болады. Сіз оларды өзіңізге ынғайлы етіп реттей аласыз. Платформа барлық форматтағы бейне, аудио және кескіндерді орналастырады. Платформадағы оқытушы мен студенттің өзара әрекеттесу аймағында да қызықты тұстар бар: суреттердің үстіне қосымша белгілер мен сілтемелерді қоюға болады. Сұрақ-жауап формасын қолдануға рұқсат етіледі. Сонымен қатар, жауап нұсқалары қатаң шектелуі мүмкін немесе еркін тұжырымдар берілуі мүмкін: студент өзінің егжей-тегжейлі жауабын енгізетін «табақ» ұсынады, өрістегі таңбалар саны шектелмейді.

Тағы бір артықшылығы – тікелей қадағалау, жауапты түзету және белсенділікті бағалау. Сайтта студенттің жұмысы жазылатын тіркеу базасы бар. Wizer.me платформасында пайдаланушы өз дамуы үшін дизайнды, стильді таңдай алады. Wizer.me платформасында жасалған интерактивті парақтарды пайдалана отырып, ақпаратты ұсыну, мәтінде сұрақтар мен тапсырмаларды құрастыру және әдебиетте білімді көрсету айтарлықтай нәтижелі екенін атап өткіміз келеді. Сабақ барысында интерактивті парақтарды пайдалану, қиялдау, білім алушылардың ауызша және жазбаша байланыстырып сөйлеу дағдылары, ізденімпаздық дағдылары, талдау қабілеттері т.б. дамиды. Сонымен, жалпы ақпараттық технологиялар және нақты көрсетілген үздік платформалар студенттерге де, оқытушыларға да оқу бағдарламасын жақсы меңгеруге көмектеседі және оқылатын материалға деген ынтаны арттырады деп айта аламыз.

Қолданылған әдебиеттер тізімі

- 1.Бөрібекова Ф.Б., Жанатбекова Н.Ж. Қазіргі заманғы педагогикалық технологиялар: Оқулық. – Алматы: 2014. – 360 бет
2. <https://daryn.online/article/463>
3. Корзун О. Ф., Острейко С. В. Использование приложения Zip Grade для оценивания знаний студентов и учащихся. – Минск: 2021.
4. Гасова О. В. Использование программы «Quizlet» при обучении иностранному языку. – 2018.
5. Шануков Д. Д. Использование виртуальной онлайн – доски PADLET в обучении //Педагог-профессионал в школе будущего. – 2022. – С. 242-245.
6. <https://www.survio.com/ru/>
- 7.<https://cyberleninka.ru/article/n/ispolzovanie-informatsionnyh-tehnologiy-v-sisteme-professionalnoy-podgotovki-bakalavrov/viewer> // Белоконова С.С., Бугрова Т.В. Использование информационных технологий в системе профессиональной подготовки бакалавров.

ӘОЖ 811.512.122

АНТРОПОНИМ КОМПОНЕНТТІ МАҚАЛ-МӘТЕЛДЕРДІҢ МАҒЫНАЛЫҚ СИПАТЫ

Бәшкен А. Б.

bashken00@mail.ru

Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің
магистранты, Астана, Қазақстан
Ғылыми жетекші – Кенжалин Қ.К.

Кез келген тілдің лексикалық қорының елеулі қабаттарының бірі – жалқы есімдер. Оларсыз тіпті, адамдар арасындағы қарым-қатынасты елестету мүмкін емес.

Қазіргі заманауи тілдерде жалқы есімдер жалпы есімдерге қарағанда бірнеше есе көп. Бірақ олар сөздіктерге енбейді, тіл мамандарының үнемі зерттеу назарына түсе бермейді, грамматикалық материалдар қатарына қосыла бермейді, жоғары оқу орындары мен жалпы орта мектептердің оқу бағдарламасына қатыстырыла бермейді. Қазіргі заманның әрбір адамына ономастикалық білім өте қажет, өйткені ол адам жалқы есімдер туралы мол ақпаратты игермей, кең ауқымда өмір сүріп, жан-жақты тіршілік жасай алмайды. Ономастикалық білім өмірдің кез келген саласына тікелей қатысады. Жалқы атаулар арқылы жасалған ономастикалық кеңістік ерекше, қызықты және өте маңызды білімнен тұрады.

Жалқы есімдер ұзақ уақыт бойы зерттеушілердің назарын аударып келеді, өйткені олар тілдегі ерекше рөлі, ерекше құрылымы, сөйлеудегі ерекше қызметі арқасында тілдің өзге лексикалық категорияларынан ерекшеленеді [1].

Салыстырмалы түрде жақында ғана жалқы есімдерді табиғат сырын ашу үшін көптеген басқа ғылымдардың деректеріне сүйенетін арнайы ғылым – ономастика ғылымы зерттей бастады. Ономастика ғылымының бір саласы біз қарастырғалы отырған антропонимика саласы.

Антропоним компонентті мақал-мәтелдердің мағыналық сипатын қарастырмастан бұрын жалпы антропонимия саласын зерделеп алуды жөн көрдік.

Антропонимдер - бұл адамның кез келген жалқы есімдерін қамтитын ономастика ғылымының бір категориясы [2]. Антропонимдер кісі аты, әкесінің аты, тегі, лақап аты, бүркеншік аты, криптонимі, андронимі, гинеконимі, патронимі сынды кластарға бөлінеді. Әр халықтың антропонимдердің формалдылығымен, атау мотивтерімен, атау құрылымында көрініс табатын өзіне тән атау дәстүрлері бар. Кез келген халықтың антропонимикасының